

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 125 "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 19 наурыздағы № 62 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №125 "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы" ережені бекіту туралы" қаулысына төмендегідей толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

15-тармақ келесідей мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) жергілікті бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде кредиттік шартқа, кредиттік шартқа қосымша келісімге қол қояды және тіркейді;"

2. "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Т.Е. Каюповқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Н.Төреғалиев*